«АНАР-АСЕМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Товарищество с ограниченной ответственностью «АНАР-АСЕМ»

Анар-Асем

РК, г. Шымкент, Каратауский район, 194 квартал, участок 288, БИН 090440016046, ИИК KZ298560000005872336, БИК KCJBKZKX, АО «Банк Центр Кредит» в г. Шымкент.

Шығыс № 06
«20» ақпан 2020 ж.

ҚР Қаржы Министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің
Шымкент қаласы бойынша ішкі
мемлекеттік аудит департаментіне

«Анар-Асем» ЖШС-нен

ШАҒЫМ.

«Анар-Асем» ЖШС-і мемлекеттік сатып алу туралы №3867198-1 конкурсына қатысып, осы конкурстың бойынша жеңімпаз деп танылған. Аталған конкурсқа қатысушы "MEGA-БЕН Строй" ЖШС-і тарапынан «Шартты жеңілдікті дұрыс есептемеді» деген №62938 және 63506 электронды шағымын түсірді. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы - "Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің № 3607317 конкурстың қорытындысы туралы хаттамасында шартты жеңілдікті «Мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы» Ережесінің 152 тармағына сәйкес дұрыс қолданған. Мемлекеттік сатып алу порталындағы "MEGA-БЕН Строй" ЖШС-ң **Қосымша 5-1 (Жұмысты сатып алу кезінде Жабдықтаушының біліктілігі жайлы мәліметтер)** құжатын толықтай толтырмағанына орай шартты баға қолданылмаған. "MEGA-БЕН Строй" ЖШС-і Конкурстық құжаттамаға 5-1-қосымшаның 6-шы тармағындағы жұмыс тәжірибе кестесінде бір жұмыс көрсеткен. Сол көрсеткішке қарап, конкурс ұйымдастырушы "MEGA-БЕН Строй" ЖШС-не дұрыс шартты жеңілдік берілген. "MEGA-БЕН Строй" ЖШС-і өзінің конкурстық өтініміндегі Қосымша 5-1 салған «Сведения о квалификации.docx» Word форматындағы құжаты №3611922-1 «Сорғы станцияларын жөндеу жұмыстары» электронды конкурсына толтырылған. №62938 шағымында корсетілген «Электронды депозитарий» Қаржы Министрлігінің 31.01.2020 ж. №92 бұйрығына сәйкес, 2020 жылғы 29 ақпаннан кейін күшке енеді.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы - "Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің №3607317 конкурстың қорытындысы туралы хаттамасына сәйкес, аталған конкурс «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңнамаларының талаптарын сақтай отырып әділ және ашық түрде өткізілген.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, жұмысты сатып алу кезінде жабдықтаушының біліктілігі жайлы мәліметтерін толық толтырмаған "MEGA-БЕН Строй" ЖШС-нің шағымын қараусыз қалдырып, аталған конкурстың №3607317 қорытындысын өзгеріссіз заң аясында шешім қабылдауларыңызды сұранамын.

«АНАР-АСЕМ» ЖШС директоры **Байдеуов М.Ж.**

Орындаған: Орынбек Н.М.